

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 мамырдағы N 553 және 2003 жылғы 11 маусымдағы N 554 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1112 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 мамырдағы N 553 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 19, 164-құжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, адамдардың жұқпалы аурулары індеті мен жаппай улануының, мал эпизоотиясы мен өсімдіктер ауруының алдын алуға, оқшаулауға және жоюға, Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын аса қауіпті аурулар мен карантиндік жұқпалы аурулар әкелуден және олардың таралуынан санитарлық қорғауға бағытталған қызметін үйлестіру";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары комиссияның төрағасы болып табылады";

2) "Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 554 қаулысына :

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Исекешев - Қазақстан Республикасының
Әсет Өрентайұлы Индустрия және сауда вице-министрі
Мұстафин - Қазақстан Республикасының Көлік
Қуандық Сапарұлы және коммуникациялар министрлігі
Көліктік бақылау комитетінің төрағасы
Ойнаров - Қазақстан Республикасының
Азамат Рысқұлұлы Қаржы вице-министрі
Түсімов - Қазақстан Республикасының Ішкі
Өмірзақ Төлеуұлы істер министрлігі Жол полициясы
департаментінің бастығы;

мына:

"Белоног - Қазақстан Республикасының
Анатолий Александрович Денсаулық сақтау вице-министрі,
Қазақстан Республикасының бас
мемлекеттік санитарлық дәрігері"

деген жолда "вице-министрі" деген сөздер "бірінші вице-министрі" деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген құрамнан Бейсембаев Мұхтар Таңатұлы, Құсайынов Әбілғазы
Қалиақпарұлы, Тоқсейітов Рахымберген Құрманғалиұлы, Өмірзақов Берік
Н ұ р п е й і с ұ л ы ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі